ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ

ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ КОМИТЕТІ

010000, Астана қаласы, Жеңіс даңғылы, 11
тел.: 8(7172) 71-81-03 қабылдау бөлмесі
тел.: 8(7172) 71-77-67, факс: 8(7172) 71-81-04

01.04.19. № КВГА-13/4776

МИНИСТЕРСТВО ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

КОМИТЕТ ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА

010000, город Астана, Проспект Победы, 11
тел.: 8(7172) 71-81-03 приёмная
тел.: 8(7172) 71-77-67, факс: 8(7172) 71-81-04

ЖК «АЛПАМЫС»

Қазақстан Республикасы Қаржы министілігінің ішкі мемлекеттік аудит комитеті *(бұдан әрі - Комитет)* «Ескелді ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі» электронды мемлекеттік сатып алу веб-портал арқылы өткізген №3025538-2 «Алматы облысы Ескелді ауданының білім беру мекемелеріне компьютер жиынтықтарын сатып алу» хабарландыруы бойынша электрондық ашық конкурсы бойынша сіздің №31350 08.03.2019 жылғы шағымыңызға сәйкес төмендегіні хабарлайды.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы №221 «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібу туралы» заңының *(бұдан әрі - Заң)* 1-бабының 1.2-тармақшасы бойынша, бейнеөтініш – "Үкімет – азаматтар үшін" мемлекеттік корпорациясы жүзеге асыратын, өтінішті қарайтын субъектіге немесе лауазымды адамға жіберілген бейнеформаттағы жеке немесе ұжымдық ұсыныс, арыз, шағым, сұрау салу немесе үн қосу.

Сонымен қатар, Заңның 6-бабының 4-тармағына сәйкес, Жеке және заңды тұлғалардың мемлекеттік органдар басшыларына және олардың орынбасарларына бейнеконференцбайланыс немесе бейнеөтініш арқылы жүгіну тәртібін ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган айқындайды.

Комитет тарапынан, сіздің шағымыңызда көрсетілген басқа интернет ресурс бағытында орналасқан видео форматтың ашылмауына байланысты, ары қарай сіздің шағымыңызды қарау мүмкін емес.

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі-заң) 47-бабының 6-тармағына және "жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабына сәйкес қабылданған уәкілетті органның шешімімен келіспеген жағдайда, сіз оған, оның ішінде жоғары тұрған органға шағымдануға құқылысыз.

Сонымен қатар, Заңның 47-бабының 9-тармағына сәйкес дауларды реттеудің сотқа дейінгі тәртібі міндетті болып табылады.

Төрағаның орынбасары **Ш. Шайназарова**

исп.Талғат Т.
тел. 71-76-08